

**"Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларын әлеуметтік қорғау туралы" N 428 /6 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 3 ақпандағы N 60/2 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 ақпанда N 219 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 20 шілдедегі N 843/7 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 20.07.2012 N 843/7 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларын әлеуметтік қорғау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелімнің Тізілімінде N 12-3-197 тіркелген, 2008 жылғы 21 тамызда "Вести Экибастуза" N 34 газетінде және 2008 жылғы 14 тамызда "Отарқа" N 33 газетінде жарияланған) N 428/6 қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) келесі өзгеріс енгізілсін:

- 1) Қаулының екінші азат жолындағы 2 тармағы алынып тасталсын.
2. Осы қаулы алғаш жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары А. А. Құрмановаға жүктелсін.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*Н. Нәбиев*